



Қазақстан Республикасының аумағында Мұнай өнімдерінің айналымын мемлекеттік реттеуді күшейту жөніндегі бағдарлама туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 2 наурыз N 339

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасының аумағында Мұнай өнімдерінің айналымын мемлекеттік реттеуді күшейту жөніндегі бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама).

Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі.

2. Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру үшін қосымшаға сәйкес ведомствоаралық топ құрылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 2 наурыздағы
N 339 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының
аумағында мұнай өнімдерінің айналымын
мемлекеттік реттеуді күшейту жөніндегі
бағдарлама

М А З М Ұ Н Ы

ПАСПОРТЫ

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. Кіріспе

1.2. Мұнай өнімдері рыногының ерекшеліктері және проблеманы талдау

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРЫ

2.1. Мұнай өнімдерінің айналымын мемлекеттік реттеудің негізгі тетіктері

2.2. Салық салуды жетілдіру

2.3. Бензин мен дизельдік отын айналымын бақылау жүйесін жасау

2.4. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

2.5. Аймақтық саясат

3. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ

4. БАҒДАРЛАМАНЫ РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

5. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

ҚОСЫМШАЛАР

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Өндірушілер, тұтынушылар және мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланыстардың бүкіл жүйесін тәртіпке келтіру негізінде бензин мен дизельдік отын (бұдан әрі - мұнай өнімдері) айналымынан салық төлемдерінің барынша толық түсуін қ а м т а м а с ы з е т у .

Отандық өнімнің сапасы мен бәсекелестік қабілетін міндетті түрде арттырумен қазақстандық мұнай өнімдерін өндірушілерді қорғау

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- Мұнай өнімдері айналымы мен оларды сату баланстары жүйесін жүргізу және тақырыптық және рейдтік тексерулер жолымен Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі және Мемлекеттік кіріс министрлігі құрылымдық бөлімшелері бөлшек сауда ұйымына акциз төлеушілер айқындау сәтімен ұйымдастыру сипатындағы басқа да шаралар негізінде мұнай өнімдері өндірісі және айналымынан бюджетке тиісті салықтарға толық мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру.

- Мұнай өнімдері рыногы заңды субъектілерінің рентабельділігі мен мүдделілігін арттыру және заңсыз сектордағы тиімділікті төмендету үшін экономикалық жағдайлар ж а с а у .

- Импортқа бақылаудың күшейтілуі мен отандық өндірушілердің бәсекелік

қабілетін арттыру үшін жағдай жасалуы ескеріліп мұнай өнімдері рыногын ретке келтіру.

- Мұнай өнімдері айналымы саласындағы салық және кеден саясатын жетілдіру.

- Мұнай өнімдерінің көтерме саудасымен айналысушы ұйымдарға лицензиялау қызметін енгізу.

- Бірінші кезекте мұнай өнімдері айналымы саласындағы контрабандаға және тәртіп бұзушылықтарға қарсы күрес саласында нормативтік және құқықтық базаны жетілдіру.

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бақылау қызметтерін ақпараттық-технологиялық қамтамасыз етудің қажетті инфрақұрылымын дамыту.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРЫ

- Бензин мен дизельдік отын айналымына бақылау жүйесін жасау.

- Мұнай өнімдері рыногы субъектілеріне салық салуды жетілдіру.

- Мұнай өнімдері айналымы саласында бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі) өзара іс-қимыл жасауы және үйлестіру.

- Нормативтік және құқықтық базаны жетілдіру.

- Мұнай өнімдері айналымын мемлекеттік реттеу жүйесінде аймақтық

саясатты жетілдіру, жиналған қаржыларды автокөлік жолдарын ұстауға және салуға пайдалану үшін акциздердің толық түсуіне жергілікті өкімет органдарының мүдделілігін қамтамасыз ету.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Салық әкімшілігі сапасын арттыру бөлігінде қаржыландыру "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 қарашадағы N 473-1

Z990473_

Заңында көзделген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің шығындар сметасы есебінен жүргізілетін болады.

Техникалық қамтамасыз ету - мұнай өнімдері рыногындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер қаражаты есебінен.

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН ТҮПКІ НӘТИЖЕЛЕР

Бағдарламаның іс-шараларын орындау мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- 1) мұнай өнімдерін сатушы ұйымдарға акциз алымының бөлігін көшіру нәтижесінде түсетін салық түсімдері көлемінің өсуі;
- 2) бензин мен дизельдік отынның заңды рыногының көлеңкелі рыногын кезең-кезеңімен және біртіндеп ығыстыруы;
- 3) отандық мұнай өнімдерін өндірушілердің тиімді қызметіне қолдау көрсету үшін баға құрауды жанама реттеу.

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. Кіріспе

Бағдарламаның негізгі басымдықтары мыналар болып табылады:

1. Экономикалық - мұнай өнімдері айналымынан бюджетке түсетін кірістерді барынша арттыру.

2. Әлеуметтік - отандық мұнай өнімдерін өндірушілердің бәсекелік қабілетін арттыру, тұтынушыларды бағаның конъюнктуралық едәуір ауытқуларынан қорғайтын тетіктер жасау.

1.2. Мұнай өнімдері рыногының ерекшеліктері және проблеманы талдау

Мұнай өңдеу өнеркәсібі саласы мемлекет пен қоғамның тұтас алғанда, әлеуметтік, экономикалық және саяси мүдделерінің үлкен ауқымын айқындайтын экономиканың ерекше секторы ретінде оны бөлектейтін бірқатар сипаттамалары бар.

Ресми емес айналымының жоғары үлесі

1999 жылдың бірінші жартыжылдығында республикадағы бензин рыногының сыйымдылығы орташа тоқсандық бағалануы кемінде 560 мың тонна құраса, мемлекеттік бюджетке тоқсан сайын 200 мың тонна бензинге сәйкес акциздік түсімі түсіп отырды. Мұның өзінде, отандық мұнай өңдеу зауыттарының барлық

маркадағы өндірген бензині кемінде 300 мың тоннаны құрады. Республика рыногындағы бензиннің ресми емес айналымының үлесі 50% деп бағалануда ал дамыған елдерде ол 10%-тен аспайды.

Заңсыз рыноктың заңды рыноктан басым болуының басты себептері мыналар:

- 1) өндірушіден тұтынушыға бензин мен дизельдік отын қозғалысының реттелмеуі және аралық кезеңдерде пәрменді бақылаудың болмауы салдарынан;
- 2) мұнай өнімдерін бақылаусыз сату салдарынан контрабанданың жоғары деңгейде болуы;
- 3) Шектес мемлекеттермен Кеден одағына мүше елдермен жедел байланыстың болмауы;
- 4) мұнай өнімдерін сату мен өндіру көлемін есепке алудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесінің жоқтығы.

Отандық мұнай өңдеу зауыттарының бәсеке қабілетінің төмендігі

1999 жылы шикі мұнайға дүние жүзінде бағаның өсуі мұнай өңдеу компанияларының мұнайды экспортқа жөнелтуді қолайлы көрген жағдайға жеткізді, сөйтіп ішкі рынокта шикізат тапшылығын туғызды. Нәтижесінде шикізат жоқтығынан отандық мұнай өңдеу зауыттарының жүктемесі салыстырмалы түрде төмен болып, бензиннің ішкі рыногында қазақстандық өнім үлесі төмендеді (50 %-ке жуық).

Қалыптасқан жағдайдан шығудың мүмкіндігі - мемлекеттік реттеу тетіктерінің теңдестірілген кешенді жүйесін құру болып табылады, атап айтқанда мұнайды ішкі рынокқа жөнелту көлеміне байланысты оны экспортқа шығаруға квота қойылуы тиіс. Реттеудің міндеттері - баға құрауды жанама

реттеу, ішкі рыноктың тұрақтылығы мен елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы отандық мұнай өңдеуші ұйымдар тиімділігі мен бәсекелестік қабілетін көтеру үшін жағдай жасау, бюджетке салық түсімдерін арттыру болып табылады.

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРЫ

2.1. Мұнай өнімдерінің айналымын мемлекеттік реттеудің негізгі тетіктері

Республикада мұнай өнімдері рыногын реттеудің негізгі тетіктері мыналар болып табылады:

дайын өнімге экспорт-импорт баждарының ставкалары;
мұнай өнімдері импорты мен шикі мұнай экспортының квоталары;
акциздер ставкалары.

Осы тетіктерді пайдалану кешенді өзара байланысты сипатта болып, мемлекет мүдделерін қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен бірге әрбір тетікті жеке қолданудың өзіндік е р е к ш е л і к т е р і б а р .

Экспорттық-импорттық баждарды қолдану бірінші кезекте Кеден одағы елдердің арасында мемлекетаралық шарттардың баптарынан туындайды. Мұнай өңдеу

зауыттарында шикі мұнайды өңдеу құнының шекті нормасын белгілеу туралы шешімді мұнайды өңдеу жөнінде қызметтер көрсететін басым жағдайдағы шаруашылық жүргізуші субъекті болса, елдің монополияға қарсы органдары қабылдайды. Мұнай өнімдері импорты мен шикі мұнай экспортының квоталары ішкі рыноктың мүдделерін білдіріп, өнім көлемімен байланыстырылады. Акциздер ставкалары әлемдегі конъюнктура өзгерісі ескеріліп өзгертіледі және ұлттық валютада есептеуі тиіс.

Мемлекеттік бюджет мүдделерін қорғау реттеудің барлық негізгі тетіктерін теңдестіруді қамтамасыз етуін және бір элементтің функциясының өзгеруі басқа элементтердің тиісінше өзгеруін көздейді. Отандық өндірушілер өндірісі көлемінің құлдырауы импорт баждарының, мұнай өнімдері импортының және шикі мұнай экспортының квоталарының өзгеруіне, мұнай өнімдері бүкіл рыногын акциздеп белсенді реттеуге әкеп соғуы тиіс. Отандық мұнай өңдеу зауыттары өндірілетін өнім бағасын көтерген кезде мемлекет тарапынан республика рыногын импортталған мұнай өнімдерімен қанықтыру жөнінде тиісті әрекет жасалуы тиіс. Мұның өзінде, бюджет мүдделерін қорғау бөлшек сауда саласынан салық түсімдері, сондай-ақ импорттық кеден баждарынан кірістер деңгейін арттыру арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

Неғұрлым жүйелі ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді талап ететін және сонымен бір мезгілде мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің едәуір деңгейде атқарылуын айқындайтын тетік - акциздер ставкаларын қалыптастыру болып табылады.

2.2. Салық салуды жетілдіру

1999 жылғы наурызда (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 230 қаулысы) бензин акцизінің ставкасын 50 евроға дейін төмендету және кейін бензин акцизінің ставкасын ұлттық валютада - 5000 теңгеде белгіленуі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 сәуірдегі N 445 қаулысы) өнеркәсіптің мұнай өңдеу секторында қалыптасқан

күрделі экономикалық жағдайды түбегейлі өзгертпейді.

Республикадағы мұнай өнімдері рыногында мыналар жағдайды айқындайтын шаруашылық жүргізуші субъектілер болып табылады:

- мұнай өңдеу зауыттары;
- көтерме сауда ұйымдары;
- бөлшек сауда ұйымдары.

Мұның өзінде, мемлекеттің акциздік саясатын жүргізу қазіргі уақытта тек қана мұнай өңдеу зауыттарында шоғырланған.

Қазіргі уақытта акцизді есептеу мен төлеу тәртібіне принципті түрде

жаңа көзқарас талап етілуде, оған мыналар кіреді:

бюджеттің кіріс бөлігі түсімін арттыруға мүмкіндік береді;
мұнай өнімдерін өндірушілерге айналымдағы капиталды тиімді пайдаланып, толықтыруды қамтамасыз етеді;
ұлттық валюта теңгемен есептеліп, евро, экю немесе басқа да валюта бағамдарының өзгерісіне байланыстырылмайды;
мұнай өнімдері өндірісі мен сату процестеріне барлық қатысушылар арасында акциз төлеу жауапкершілігін бөліседі.

Мұнай өнімдеріне акциз алымын реформалауды мұнай өңдеу зауыттары мен бөлшек сауда ұйымдары арасында акциз ставкаларын кезең-кезеңімен бөлуден бастау қажет. Мұндай көзқарастың қолайлығы автожанармай құю станцияларды паспорттау жүргізілуімен және әрбір май құю құбырын бақылау әдістемесін енгізу мүмкіндігімен айқындалуда. Мұның өзінде ресми емес айналымның негізгі бөлігі нақ сол бөлшек саудаға келіп, мұнай өнімдері рыногының осы секторында салық салынатын базаны кеңейтудің резервтері жасырылуда.

Акцизді мұнай өңдеу зауыттары мен бөлшек сауда ұйымдары арасында бөлу отандық өндірушілер қызметінің экономикалық тиімділігін арттыруға жәрдемдеседі. Сонымен бірге, акциз ставкаларының өзгеруі салдарынан, мұнай өңдеу зауыттарында шығарылатын мұнай өнімдері бағасының төмендеуі автожанармай құю станциялардың бөлшек саудасындағы баға деңгейінің көтерілуі процесін теңдестіруі тиіс. Бастапқы кезеңде акциздердің ставкаларын мұнай өңдеу зауыттарында толық ставкасы - 90 % және бөлшек саудада 10 % ету қолайлы үйлестіру болып табылады. Акциздердің ставкалары ұлттық валюта - теңгемен есептеліп, кейін акциздің бір бөлігінің бөлшек саудаға, содан кейін көтерме саудаға ауысуын қамтамасыз етуі тиіс. Акциздің базалық ставкасы кезінде өндіруші ұйымдар мен сату саласындағы ұйымдар арасындағы бөлінетін 2000 жылғы бензин мен дизельдік отынға акциздерден болжамды түсімдер бағасы 12 млрд.теңге (Бағдарламаға қосымша) құрайды.

Акциздік реттеуді көтерме саудаға жедел тарату қиындығы көтерме саудамен айналысатын фирмалардың 50 %-де мұнай өнімдерін сақтайтын өз қоймаларының болмауы фактісімен айқындалуда, мұның өзі көтерме желі арқылы сату көлемінің мониторингін жүргізу міндетін орындауды күрделендіруде. Осы саланы кейін мемлекет бақылауына тарту және акциздік салымды көтерме саудаға тарату үшін көтерме сату ұйымдарының лицензиялау қызметі тетігін әзірлеу қажет, онда көтерме сауда компанияларын құру мен жұмыс істеуінің өлшемдерін жіті реттеу көзделеді. Өзінің қоймасы болуы, лицензияға мәліметтерді автоматтандырылған түрде беруге арналған арна бөлініп, электрондық есепке алу, ал болашақта және акциз постының

болуы да осындай өлшемдер болады.

Көтерме сауда ұйымдарын лицензиялауды енгізу көлік немесе сауда ұйымдары ретінде тіркелген, бірақ іс жүзінде бензин мен дизельдік отын алыпсатарлық операцияларымен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін тыюға мүмкіндік туғызады. Республиканың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бір бөлігі мұнай өнімдерін өндіріс мұқтаждары үшін (ЖЭС) сатып алатынын ескеру қажет. Мұнай өнімдерін пайдаланып бензин мен дизельдік отынмен бартерлік операцияларын, өзара есептемелер жүргізу орын алуда. Республикадағы мұнай өнімдері рыногында қызметін жүргізуге құқығы бар заңды тұлғаларды олардың жұмыс істеуін жіті реттеп айқындау жөнінде нормативтік құқықтық базаны әзірлеу осы саладағы мемлекеттік бақылау жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Бөлшек сауда секторындағы мемлекеттік реттеуді күшейту үшін салық органында тіркелмеген шаруашылық жүргізуші субъектінің кез келген қызметі заңсыз деп саналып, мемлекеттің тарапынан заңда көзделген санкциялар қолданылуы мүмкін мұнай өнімдері рыногында тіркеу-рұқсат ету жүйесін енгізу жөнінде іс-шаралар к е ш е н і н жү р г і з у қ а ж е т .

Автожанармай құю станциясының біліктілік сипаттамасы бар автожанармай құю станция паспорты шаруашылық жүргізуші субъектінің салық органдарында тіркелу құжаты болып табылып, тиісті қызмет түрімен айналысуға құқық береді. Мұның өзінде , тек қана тұрақты автожанармай құю станциялардың жұмыс істеуіне рұқсат етілетін болады, яғни қатаң бақылауға алынуы бензин мен дизельдік отынның тіркелмеген бөлшек сауда айналымын шектеуді қамтамасыз етіп, республикада автоқызмет көрсетудің өркениетті жүйесін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оған паспорттаудың мәліметтері енгізілетін елдің барлық автомай құю станцияларының бірыңғай тізілімін енгізу елдің фискалдық органдарының автоматтандырылған жүйесін құруды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Нақты сатылған көлемін жасырудың жолын кесу, сондай-ақ мемлекеттік органдар тарапынан артық тексерулерден осы ұйымдарды қорғау арқылы тұрақты автожанармай құю станцияларының қалыпты жұмыс істеу режимін қамтамасыз ету мақсатында әрбір автомай құю станциясында салық органдарының пломбалары бар бақылау-өлшеу приборларын (есептегіштер) қондыру қажет. Сату көлемінің ауытқуына қарай салық алымдарына түзету енгізу және сатылатын өнімнің

сапасы, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын тексеру мақсатында салық органдарының есептегіштер көрсеткіштерін бақылауы мүмкін.

2.3. Бензин мен дизельдік отын айналымын бақылау жүйесін құру

Мұнай өнімдері айналымын бақылауды күшейту қажеттігі мынадай шаралар кешенін іске асыруды көздейді.

- Мұнай өнімдері көтерме саудасымен айналысатын ұйымдарды лицензиялау қызметін енгізу.
- Көтерме саудаға көтерме қоймалар мен сақтау орындарында тіркелгеннен кейін ғана рұқсат ету.
- Ол бойынша мұнай өңдеу зауыттарынан, сондай-ақ тек қана тіркелген және лицензиясы бар ірі көтерме сауда ұйымдарына мұнай өнімдерінің импорты жөнелтілетін тәртіп белгілеу олар мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:
 - өз қоймасы болуы;
 - электрондық есепке алынуы;
 - лицензиарға автоматтандырылған мәліметтер беру арнасының бөлінуі;
 - акциз постының болуы.
- Салық органдарында тиісінше тіркеп, оны бірыңғай электрондық мәліметтер базасына енгізусіз бензин мен дизельдік отынды экспортқа да, республика ішінде де жөнелтуге рұқсат етілмейтін тәртіп айқындау.
- Көтерме сауда партияларының өлшемдерін айқындау және теңестіруді енгізу.
- Автожанармай құю станцияларда бөлшек саудаға арналған тіркеу-рұқсат ету жүйесін енгізу.
- Автожанармай құю станцияларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту.
- Салмағын, температурасын, көлемін, жанар-жағармай материалдары деңгейі мен тығыздығын қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкестігіне өлшеуге арналған өлшеу приборларын автожанармай құю станцияларда қондыру.
- Салық органдарының пломбаларымен бензин және дизельдік отын сату көлемін өлшеу үшін автожанармай құю станцияларда есептегіштер қондыру.
- Мұнай өнімдері өндірісі балансын жүргізу, атап айтқанда - өндірісі мен айналымы балансын, көтерме сауда балансын, бөлшек сауда балансын. Өндірісі мен айналымы балансы декларациясын жүргізу үшін акциздік постылардың мәліметтерін, бақылау-өлшеу приборларының көрсеткіштерін, соның ішінде мұнай өңдеу зауыттарына жіберілетін шикі мұнайдың сапалық құрамының есептерін пайдалану.
- Салық органдарында мұнай өнімдерінің көтерме партияларын сатып алу-сату (беру) шарттарын (келісім-шарттарын) тіркеу тәртібін және

бірыңғай электрондық мәліметтер базасын құруды жасау және бекіту.
- Мұнай өнімдерінің көтерме партияларының қозғалысын бақылауды жетілдіру мақсатында фискалдық органдар бақылауға арналған бірыңғай электрондық мәліметтер базасына ілеспе құжаттардың мәліметтерін енгізіп бірыңғай көліктік ілеспе құжаттарды бекіту. Бензин мен дизельдік отынды босатудың көліктік ілеспе құжаттарының бірыңғай нысанын енгізу мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу мен бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2.4. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

Республика экономикасындағы мұнай өнімдері рыногының айрықша ролі ескеріліп, бензин және дизель отыны өндірісі мен айналымы саласын нормативтік құқықтық актілермен реттеу қажет. Осы салада кешенді мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету үшін мұнай өнімдерінің өндірісі мен айналымының бүкіл саласын реттейтін нормативтік құқықтық акт қабылдау қажет. "Мұнай өнімдерін өндіру және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Заң осындай нормативтік құқықтық акт болуы тиіс.

Осы заңның қолданылуы тиімділігін күшейту мақсатында Қазақстан Республикасы аумағында мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы тәртіп бұзушылықтарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сонымен бір мезгілде өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

2.5. Аймақтық саясат

Жергілікті жерлерде мұнай өнімдерінің айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлшек сауда акциздерінен түскен түсімдерді бірте-бірте ажырату көзделуде. Мұның өзінде, акциз алымдарының барынша толық түсуіне жергілікті өкімет органдарының мүдделі көзқарасын қамтамасыз ету тетігін жасау қажет, соның ішінде аймақтағы автомобиль жолдарын салу мен ұстауға арналған аталған қаражатты пайдалану арқылы да.

3. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ

Бағдарламада оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар тізбесін

кезең-кезеңімен орындау және өнеркәсіптегі өндірісті көтеру мен дамыту және бюджеттің жоғары кірісін қамтамасыз етуді жалпы мемлекеттік саясатпен ұштастыру көзделеді.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар "Мұнай өнімдерін өндіру және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін іске асырылатын болады.

4. БАҒДАРЛАМАНЫ РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Салық әкімшілігін жүргізу (компьютерлендіру, ақпараттық қамтамасыз етуді және мәліметтер базасын ұйымдастыру және т.с.с.) бөлігінде "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1999 жылғы 11 қарашадағы N 473-1 Қазақстан Республикасы Заңында көзделген Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігінің шығындар сметасы есебінен, ал техникалық қамтамасыз ету бөлігінде (автожанармай құю станцияларда есептеуіштер, операциялық-компьютерлік жүйелерді сатып алу және орнату) - шаруашылық жүргізуші субъектілер қаражаты есебінен жүргізілетін болады.

5. КҮТІЛЕТІН НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

Бағдарламаны іске асыру мыналарға мүмкіндік береді:
мұнай өнімдерінің айналымын тиімді мемлекеттік бақылаудың жүйесін

құруға;

2000 жылы бензин мен дизельдік отынға акциздерден 9-12 млрд.теңге түсімін (1999 жылмен салыстырғанда күтілген түсімнен 25 %-ке артық) қамтамасыз ету;

баға құрау процестерін жанама реттеу арқылы отандық мұнай өнімдерін өндірушілерді қолдау;

мемлекет бақылайтын мұнай өнімдері рыногының ресми емес рыноктан басым болуын қамтамасыз ету.

Бағдарламаға қосымша

Мұнай ! Акциз ! Күтілетін ! I-III тоқсандар
өнімдерінің!төлеушілер!сату көлемі!-----
түрлері ! ! (тонна) ! сату ! Акциздер ! Акциздер
! ! ! (тонна) ! ставкасы !сомасы (млн.
! ! ! ! ! теңге)
! ! ! !-----!
! ! ! ! теңге ! % !

Бензин ! МӨЗ ! 2268216 ! 1701162 ! 4500 ! 90 ! 7655,2
!-----
! АМС ! 2268216 ! 1701162 ! 500 ! 10 ! 850,6

Жиынтығы ! X ! X ! X ! 5000 ! 100 ! 8505,8

Дизель ! МӨЗ ! 1602264 ! 1201698 ! 540 ! 90 ! 648,9
отыны !-----
! АМС ! 1602264 ! 1201698 ! 60 ! 10 ! 72,1

Жиынтығы ! X ! X ! X ! 600 ! 100 ! 721

Барлығы ! X ! X ! X ! X ! X ! 9226,8

таблицаның жалғасы:

IV тоқсан !Акциздердің! Анықтамалық

-----! жалпы !-----
 Сату ! Акциздер ! Акциз ! сомасы !1 литр үшін!1 литрдегі акциз
 (тонна)! ставкасы !сомасы !млн. теңге)!баға (1999 !сомасы I-III
 !-----! (млн. ! ! жылдың !тоқсандар, IV
 ! теңге ! % ! теңге) ! !қазаны үшін! тоқсан
 ! ! ! ! !мәліметтер,!-----
 ! ! ! ! ! теңге) ! I-III ! IV
 ! ! ! ! ! ! тоқсан.! тоқсан
 ! ! ! ! ! ! дар !

 567054 ! 4000 ! 80 ! 2268,2 ! 9923,4 ! 28 ! 3,4 ! 3

567054 ! 1000 ! 20 ! 567,1 ! 1417,7 ! 43 ! 0,4 ! 0,8

X ! 5000 ! 100 ! 2835,3 ! 11341,1 ! X ! 3,8 ! 3,8

400566 ! 480 ! 80 ! 192,3 ! 841,2 ! 19 ! 0,46 ! 0,41

400566 ! 120 ! 20 ! 48,1 ! 120,2 ! 21 ! 0,06 ! 0,11

X ! 600 ! 100 ! 240,4 ! 961,4 ! X ! 0,52 ! 0,52

X ! X ! X ! 3075,7 ! 12302,5 ! X ! X ! X

- Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу,
 бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі
 агенттігінің мәліметтері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
 2000 жылғы 2 наурыздағы
 N 339 қаулысымен
 бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында мұнай өнімдерінің айналымын
 мемлекеттік реттеуді күшейту туралы бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі
 іс-шаралар
 ТІЗБЕСІ

1. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

№ ! Ис-шараның атауы ! Аяқтау нысаны ! Орындалу! Орындауға
р/с! ! ! мерзімі! жауап.
! ! ! ! тылар

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

1.1!"Мұнай өнімдерінің айналымын Қазақстан Республикасы. ! 2000 ! МКМ, ҚарМ,
! мын мемлекеттік реттеу туралы Заңы ! жылдың ! ӘДМ, ЭИСМ
! ралы" Заңды әзірлеу және ! III !
! қабылдау ! ! тоқсаны !
! ! ! !

1.2! Мұнай өнімдерін көтерме ! Қазақстан Республикасы ! 2000 ! ЭИСМ, МКМ,
! сату жөніндегі қызметтің ! Президентінің "Лицензия ! жылдың ! ҚарМ, ӘДМ
! тіркеу-рұқсат ету жүйесін ! ау туралы" Жарлығына ! III тоқ !
! енгізу ! өзгерістер мен толықты. ! саны !
! ! рулар енгізу туралы" ! !
! ! Заңы ! !

1.3! Құқықтық-нормативтік акті.!"Қазақстан Республикасы. ! 2000 ! ІІМ, МКМ
! лерге өзгерістер мен то. ! ның кейбір заң актілері. ! жылдың !
! лықтырулар енгізу (Мұнай ! не өзгерістер мен толық. ! III тоқ. !
! өнімдерімен сауда жасауда. ! тырулар енгізу туралы" ! саны !
! ғы құқық бұзушылықтары ! Қазақстан Республикасы. ! !
! үшін) ! ның Заңы ! !

1.4! Бензин мен дизель отыны ! Қазақстан Республикасы ! 2000 ! ҚарМ, МКМ
! өндірісі мен айналымынан ! Қаржы Министрінің ! жылдың !
! салық түсімдерін көрсету ! бұйрығы ! III тоқ. !
! жөніндегі бюджет жіктеме. ! ! саны !
! сіне өзгерістер енгізу ! ! !

2. Мұнай өнімдерінің айналымын бақылау жүйесін құру

2.1!Салық органдарының пломба!Қазақстан Республикасы ! 2000 !ЭИСМ,
!ларымен мұнай өнімдерінің !Үкіметінің қаулысы ! жылдың !Стандарт.
!өткізу көлемін өлшеу үшін ! !Ш тоқ.!тау,метр.
!АЖС-да есептегіштерді ор. ! !саны !ология
!натуды көздейтін АЖС-на ! ! !және сер.
!біліктілік талаптары мен ! ! !тифика.
!тіркеу тәртібін енгізу ! ! !циялау
! ! ! !комитеті
! ! ! !!(ЭИСМ
! ! ! !СМСК),МКМ

2.2!Қазақстан Республикасы ау.!Қазақстан Республикасы ! 2000 !ЭИСМ,МКМ,
!мағындағы МӨЗ-на мұнай !Үкіметінің қаулысы ! жылдың !МБА
!өнімдерін сатудың тәртібін! !Ш тоқ.!
!белгілеу ! !саны !

2.3!Көтерме сауда фирмалардың !Қазақстан Республикасы ! 2000 !ЭИСМ,МКМ,
!теңестірімесін енгізу, сон.!Үкіметінің қаулысы ! жылдың !
!дай-ақ мұнай өнімдерінің ! !Ш тоқ.!
!көтерме партияларын айқын.! !саны !
!дау ! ! !

2.4!МӨЗ-на салық органдарының !Мемлекеттік кіріс Мини. ! 2000 !МКМ,облыс.
!акциздік посттарын енгізу !стрінің бұйрығы ! жылдың !тық салық
! ! ! !1 тоқса.!комитет.
! ! ! !ны !тері

2.5!Мұнай өнімдері рыногындағы!Тексеру материалдары ! Тұрақты!МКМ,ІІМ,
!құқық бұзушылықтың жолын !бойынша актілер ! !ЭИСМ,
!кесу жөнінде жедел жұмыс ! ! !облыстық
!жүргізу ! ! !салық ко.
! ! ! !митеттері

2.6!МӨЗ-нан мұнай өнімдерін !Мемлекеттік кіріс Мини. ! 2000 !МКМ,ЭИСМ
!босату үшін ілеспе жүк құ.!стрінің бұйрығы ! жылдың !
!жаттамасының бірыңғай ны. ! !Ш тоқ.!
!санын енгізу ! !саны !

2.7!Мұнай өнімдерін өндіру мен!Энергетика, индустрия ! 2000 !ЭИСМ,МКМ,
!оның айналымына, көтерме !және сауда Министрінің ! жылдың !МБА
!саудаға, бөлшек саудаға !бұйрығы ! II-III !
!баланстар жүйесін енгізу ! !тоқсан-ы!

2.8!Бөлшек сауданың жаңа ере. !Энергетика, индустрия ! 2000 !ЭИСМ,МКМ
!желерін әзірлеу !және сауда Министрінің ! жылдың !МБА
! !бұйрығы !III тоқ.!
! ! !саны !

2.9!Мұнай өнімдерінің көтерме !Мемлекеттік кіріс Мини. ! 2000 !МКМ,ЭИСМ
!партияларының сатып алу- !стрінің бұйрығы ! жылдың !
!сату шарттарының (келісім-! !III тоқ.!
!шарттарының) тіркеу тәрті.! !саны !
!бін әзірлеу және бекіту ! ! !

2.10!АЖС-на талаптарды әзірлеу!Энергетика, индустрия !2000 ж. !ЭИСМ,МКМ,
!және бекіту !және сауда Министрінің !III тоқ.!МБА
! !бұйрығы !саны !

2.11!Стандарттар және өрт қау.!ЭИСМ СМСК және ТЖА бұй. !2000 ж. !ЭИСМ СМСК
!іпсіздігі талаптарына !рығы !III тоқ. !ТЖА
!АЖС-ың сәйкестігі туралы ! !саны !
!куәлік нысанын әзірлеу ! ! !
!және бекіту ! ! !

3. Салық салуды жетілдіру

3.1!Мұнай өнімдері рыногінің !Қазақстан Республикасы ! 2000 !МКМ,ҚарМ,
!бүкіл субъектілері арасын.!Үкіметінің қаулысы ! жылдың !ЭИСМ,ӘдМ
!да акциз ставкаларын ке. ! !I-III,IV!
!зең-кезеңімен бөлу ! !тоқсан.!
! ! ! дары !

3.2!Мұнай өнімдерінің бөлшек !Қазақстан Республикасы !Жыл бойы!МКМ,ҚарМ,
!саудасында бензин мен ди. !Үкіметінің қаулысы !тұрақты !ЭИСМ
!зельдік отынға акциздер ! !түрде !

!ставкаларын жетілдіру ! !

4. Аймақтық саясат

4.1!Аймақтар бойынша мұнай !Нормативтік құқықтық !Тұрақты !ЭИСМ,МБА,
!өнімдерін шығарушылар үшін! акті ! !МКМ
!экономикалық және өзге де ! !
!тең жағдайларымен қамтама.! ! !
!сыз ету ! ! !

4.2!Республикалық және жергі. ! Ұсыныс ! 2000 !ҚарМ,жер.
!лікті бюджет арасында бен.! ! жылдың !гілікті
!зин мен дизель отыны бөл. ! !Ш тоқ.!атқарушы
!шек саудасынан түскен ак. ! !саны !органдар.
!циздерді бөлу туралы мәсе.! ! !дың бас.
!лені қарау ! ! !шылары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 2 наурыздағы N 339
қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында мұнай өнімдерінің
айналымын мемлекеттік реттеуді күшейту жөніндегі
бағдарламаны іске асыру бойынша жұмысты
үйлестіруге арналған ведомствоаралық топтың
құрамы

Ахметов
Даниал Кенжетайұлы

- Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары, басшы

Школьник Владимир Сергеевич - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі, басшының орынбасары

Кәкімжанов Зейнолла Халидоллаұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі, басшының орынбасары

Топ мүшелері:

Тілеубердин Алтай Абылайұлы - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің төрағасы

Котенко Наталья Леонидовна - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Экономика бөлімінің меңгерушісі

Жәмішев Болат Бидахметұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы бірінші вице-министрі

Мусина Лилия Сәкенқызы - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Аймақов Бауыржан Жаңабекұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің департамент директоры

Баймұрзин Дәулетхан Қалымұлы - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің департамент директоры

Демеу Айдар Сағадатұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің департамент директорының міндетін атқарушы

Әбдірахманова - Қазақстан Республикасының Табиғи
Сәуле Нығметжанқызы монополияларды реттеу бәсекелестікті
қорғау және шағын бизнесті қолдау
жөніндегі агенттігі департамент
директорының орынбасары

Әмірін - Қазақстан Республикасының Әділет
Асқар Кемеңгерұлы министрлігі департамент директорының
орынбасары

|
Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.